

Республикалық  
бюджет жобасын  
құрастыру кезеңдері

**Бюджет құрылысы** - бұл бюджет жүйесін құрудың қағидаттары, оның буындарының өзара байланысының ұйымдық нысандары.

**Бюджеттік кезеңдерінің барлығы** – олар құру, қарау, бекіту, атқару, есебі мен есеп беру – бюджеттік жүйенің барлық деңгейлерінде орын алатын кезеңдер. Сол себептен бюджеттердің әрбір түрлері үшін бұл кезеңдер белгіленген.

**Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган** - жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, бюджетті атқару, жергілікті бюджеттің атқарылуы бойынша бухгалтерлік есепке алуды, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті жүргізу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын атқарушы орган.



**Республикалық бюджет** - салықтық және басқа да түсімдер есебінен қалыптастырылатын және орталық мемлекеттік органдардың, оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің міндеттері мен функцияларын қаржымен қамтамасыз етуге және мемлекеттік саясаттың жалпыреспубликалық бағыттарын іске асыруға арналған орталықтандырылған ақша қоры болып табылады. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет Қазақстан Республикасының заңымен бекітіледі. Мемлекет республика көлемінде маңызы бар әлеуметтік-мәдени дамуды, экономика саласындағы шараларды осы республикалық бюджет арқылы қамтамасыз етеді.





***Бюджеттік процестің қатысушылары:***

- Қазақстан Республикасының Президенті;
- заңды (өкілді) билік органдары;
- Атқарушы органдар;
- Ақша билік органдары - несиені реттеу;
- мемлекеттік қаржылық бақылау органдары;
- Мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар;
- Бюджеттік қорлардың бас менеджерлері мен басшылары;
- бюджеттік, салықтық және басқа да өкілеттіктерге ие басқа да органдар;
- бюджеттік ұйымдар; - мемлекеттік кәсіпорындар, бюджеттік қаражаттарды басқа алушылар;
- Бюджеттік қаражатпен жекелеген операцияларды жүзеге асыратын кредиттік организациялар;

## **Бюджет кезеңдері:**

1. Бюджетті жоспарлау негіздері;
2. Бюджеттің жобаларын әзірлеу;
3. Бюджеттің жобаларын қарау мен бекіту процесінің негізгі ережелері;
4. Қазақстан Республикасы Парламентінің Республикалық бюджеттің жобасын қарау және бекіту
5. Маслихаттың жергілікті бюджет жобасын қарау және бекіту процесі;
6. Бюджеттің атқарылу процесі;
7. Бюджетті нақтылау мен түзету процесі;
8. Бюджеттің атқарылуы туралы есеп беру;
9. Мемлекеттік қаржылық бақылау.

# *1-кезең: Бюджетті жоспарлау негіздері*

Бюджетті жоспарлау - мемлекеттік қаржылық саясаттың талаптарына сәйкес қаржылық жоспарлаудың маңызды құрамдас бөлігі.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган - тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласында функцияларды жүзеге асыратын, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган;

## *2-кезең: Бюджеттің жобаларын әзірлеу*

Республикалық бюджет жобасын әзірлеу процесі мынадай кезеңдерді:

- 1) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын әзірлеуді және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің мақұлдауын;
- 2) республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттерін, жаңа бастамаларға арналған лимиттерді айқындауды;
- 3) орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының жобаларын немесе стратегиялық жоспарларына өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын, бюджеттік бағдарламаларының жобаларын, стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін әзірлеуді және оларды Республикалық бюджет комиссиясының қарауын;
- 4) республикалық бюджет туралы заң жобасын әзірлеуді қамтиды .

# *3-кезең: Бюджеттің жобаларын қарау мен бекіту процесінің негізгі ережелері*

Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық бюджет туралы заң жобасын Қазақстан Республикасының Парламентіне ағымдағы қаржы жылының 1 қыркүйегінен кешіктірмей енгізеді.

Республикалық бюджет ағымдағы қаржы жылының 1 желтоқсанынан кешіктірілмей, әуелі - Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы палаталардың бөлек отырысында бекітіледі.

Кезекті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған республикалық қаржы жоспары бекітілген жағдайда, осы қаржы жылына арналған республикалық бюджет сол жылғы 1 наурыздан кешіктірілмей бекітілуге тиіс.

Республикалық бюджет туралы заң қосымшаларымен бірге, Қазақстан Республикасы Президентінің алдағы қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған республикалық қаржы жоспары туралы Жарлығы қосымшаларымен бірге бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.




#### *4-кезең: Қазақстан Республикасы Парламентінің Республикалық бюджеттің жобасын қарау және бекіту*

Республикалық бюджет туралы заңның жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мен Сенатының жалпы отырыстарында қарауға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген адамның (адамдардың) республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамы және республикалық бюджет туралы заңның жобасы бойынша, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының ақша-кредит саясаты бойынша баяндамалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары уәкілеттік берген адамдардың заң жобасы бойынша қорытындыларымен коса баяндамалары кіреді.

Республикалық бюджет туралы заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінің жұмыс топтары мен тұрақты комитеттерінің отырыстарында қарау стратегиялық жоспарлардың жоспарланған нысаналы индикаторлары және (немесе) бюджеттік бағдарламалардың түпкілікті нәтижелері туралы орталық мемлекеттік органдар басшыларының баяндамаларын қамтиды.

## 5-кезең: Маслихаттың жергілікті бюджет жобасын қарау және бекіту процесі



## **6-кезең Бюджеттің атқарылу процесі**

Бюджеттің атқарылуы үшін қаржыландыру жоспарларының мынадай түрлерін:

мемлекеттік мекемелер - мемлекеттік мекеменің міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарын (бұдан әрі - міндеттемелер бойынша жеке жоспар) және мемлекеттік мекеменің төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарын (бұдан әрі - төлемдер бойынша жеке жоспар);

бюджеттік бағдарламалар әкімшісі - міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарын және төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарын (бұдан әрі - бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қаржыландыру жоспары);

бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімімен- түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын әзірлейді.

## *7-кезең Бюджетті нақтылау мен түзету процесі*

Үкімет шұғыл шаралар қабылдап, бюджетті нақтылайды. Жете игерілмей қалуы мүмкін деген бюджет шығыстары да жедел қаралып, біршама қаражаттар қысқартуға ұшырауы мүмкін. Соның нәтижесінде заң жобасын Парламентке ұсынып, депутаттардың қолдауы арқасында құжат уақтылы қабылданып отырады. Сонымен бірге, бюджет бойынша қайта бөлінетін қаражаттың дiттеген жерiне шапшаң жетуiнiң де маңызы зор. Бөлініп отырған қаржы нақты экономикаға жұмыс істейтін болуы керек. Бюджетті нақтылаудағы басты мақсаттың бірі осы. Парламент қабылдағаннан кейін, Елбасы заңға қол қойса, бөлінген қаражат тез арада өңірлерге жетуі тиіс. Бұл ретте ең алдымен бюджет әкімшілері де өздерінің қаржыландыру жоспарына сәйкес өзгерістерді енгізуі шарт.

## *8-кезең Бюджеттің атқарылуы туралы есеп беру*

Есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп:

- 1) түсіндірме жазбадан
- 2) тиісті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептен;
- 3) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы талдамалық есептен республикалық бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазбаны қамтитын республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктен тұрады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Қағидалардың 6-9-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес есепті қаржы жылы үшін республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасының Үкіметіне, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органға есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей ұсынады.

## *9-кезең Мемлекеттік қаржылық бақылау*

Қаржылық бақылаудың тиімділігі көп жағдайда оны ұтымды ұйымдастырумен, бақылаудың субъектілерін, олардың құқықтары мен міндеттерін айқын етіп анықтаумен, қаржылық бақылауды жүргізудің нысандарын және әдістерін дұрыс ұйымдастырумен анықталады.

Жалпы мемлекеттік қаржылық бақылауды мемлекеттік билік пен басқарудың мына органдары жүргізеді: Президенттің аппараты, Қазақстан Республикасының Парламенті, Үкіметі, жергілікті өкілдікті органдар (депутаттардың жиналыстары), жергілікті әкімшілік органдары. Бақылаудың бұл түрін Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік қаржылық бақылаудың жоғары органы болып табылатын Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті жүргізеді.